

Шет ауданының мәслихаты

Қарағанды облысы Шет аудандық
мәслихатының 2019 жылғы 3
қыркүйектегі № 32/285 шешімі.
Қарағанды облысының Әділет
департаментінде 2019 жылғы 13
қыркүйекте № 5472 болып тіркелді

Мәслихат Шетского района

**Шет аудандық мәслихатының 2016 жылғы 23 желтоқсандағы №9/68
«Шет ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың пайда болуы және
жинақталу нормаларын, сондай ақ тұрмыстық қатты қалдықтарды
жинауға, әкетуге, кәдеге жаратуға, қайта өңдеуге және көмуге арналған
тарифті бекіту туралы» шешіміне өзгеріс енгізу туралы**

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы Экологиялық кодексінің 19-1 бабының 1, 2 тармақтарына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына сәйкес, Шет ауданының мәслихаты **ШЕШІМ** ЕТТІ:

1. Шет аудандық мәслихатының 2016 жылғы 23 желтоқсандағы № 9/68 «Шет ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың пайда болуы және жинақталу нормаларын, сондай ақ тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге, кәдеге жаратуға, қайта өңдеуге және көмуге арналған тарифті бекіту туралы» шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №4127 болып тіркелген, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде 2017 жылдың 2 ақпанында электрондық түрде, 2017 жылдың 26 қаңтарындағы «Шет шұғыласы» газетінде №04 (10.625) жарияланған) келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешімнің 1 қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда мазмұндалсын.



2. Осы шешім оның алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Ғ.Мукушев

Шет аудандық

Б.Төлеуқұлов

мәслихатының хатшысы

**Шет аудандық мәслихаттың
2019 жылғы қыркүйегіндегі
сессиясының №
шешіміне қосымша**

**Шет аудандық мәслихаттың
2016 жылғы 23 желтоқсандағы
IX сессиясының №9/68
шешіміне 1 қосымша**

**Шет ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың пайда болу және
жинақталу нормалары**

№	Коммуналдық қалдықтар жинақталатын объектілер	Есептік бірлік	Коммуналдық қалдықтардың жылдық жинақталу нормасы, (м3)
1	Жайлы және жайлы емес үйлер	1 тұрғын	1,72 2,24
2	Жатақханалар, интернаттар, балалар үйлері, қарттар үйлері және сол сияқтылар	1 орын	0,73
3	Қонақүйлер, санаторийлер, демалыс үйлері	1 орын	0,8
4	Балабақшалар, бөбекжайлар	1 орын	0,62
5	Мекемелер, ұйымдар, офистер, кеңселер, жинақ банктері, байланыс бөлімшелері	1 қызметкер	1,11
6	Емханалар	1 келіп кету	0,0058
7	Ауруханалар, өзге де емдеу-сауықтыру мекемелері	1 төсек-орын	1,15
8	Мектептер және өзге де оқу орындары	1 оқушы	0,23
9	Мейрамханалар, дәмханалар, қоғамдық тамақтану мекемелері	1 отыратын орын	1,17
10	Театрлар, кинотеатрлар, концерт залдары, түнгі клубтар, ойынханалар, ойын автоматтарының залы	1 отыратын орын	0,37
11	Мұражайлар, көрмелер	Жалпы алаңы 1 м ²	0,041
12	Стадиондар, спорт алаңдары	Жоба бойынша 1 орын	0,045
13	Спорт, би және ойын залдары	Жалпы алаңы 1 м ²	0,058
14	Азық-түлік, өнеркәсіптік тауар дүкендері, супермаркеттер	Сауда алаңы 1 м ²	0,85
15	Машиналардан сату	Сауда орнының 1 м ²	0,32
16	Базарлар, сауда павильондары, дүңгіршектер, сөрелер	Сауда алаңы 1 м ²	0,32
17	Азық-түлік тауарларының көтерме базалары, қоймалары		0,45

		Жалпы алаңы 1 м ²	
18	Өнеркәсіптік тауарлардың көтерме базалары, қоймалары	Жалпы алаңы 1 м ²	0,38
19	Тұрмыстық қызмет көрсету үйі: халыққа қызмет көрсету	Жалпы алаңы 1 м ²	0,82
20	Вокзалдар, автовокзалдар, әуежайлар	Жалпы алаңы 1 м ²	0,36
21	Жағажайлар	Жалпы алаңы 1 м ²	-
22	Дәріханалар	Сауда алаңы 1 м ²	0,41
23	Автотұрақтар, автомобильді жуу орындары, АЖС, гараждар	1 машина-орын	0,5
24	Автомобиль шеберханалары	1 жұмысшы	1,25
25	Гараж кооперативтері	1 гаражға	0,25
26	Шаштараздар, косметикалық салондар	1 жұмыс орны	0,34
27	Кір жуатын орындар, химиялық тазалау орындары, тұрмыстық техниканы жөн-деу орындары, тігін ательесі	Жалпы алаңы 1 м ²	0,47
28	Зергерлік, аяқ киімді, сағаттарды жөндеу шеберханалары	Жалпы алаңы 1 м ²	0,15
29	Жөндеу және қызмет көрсету орындары (кілттер жасау және сол сияқтылар.)	1 жұмыс орны	0,47
30	Моншалар, сауналар	Жалпы алаңы 1 м ²	0,65
31	Қаланың аумағында жаппай іс-шаралар ұйымдастыратын заңды ұйымдар	1000 қатысушы	0,0037
32	Бау-бақша кооперативтері	1 учаске	2,25